

**Қ.ЖҰБАНОВ АТЫНДАҒЫ АҚТӨБЕ Өңірлік университеті
ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУДЕГІ МЕНЕДЖМЕНТ ФАКУЛЬТЕТІ
ЖАЛПЫ ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУДЕГІ МЕНЕДЖМЕНТ КАФЕДРАСЫ**

2025-2026 оқу жылына арналған

ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР КАТАЛОГЫ

6B01801 – Әлеуметтік педагогика және тьюторлық ББ бойынша

Ақтөбе, 2025

6B01801-Әлеуметтік педагогика және тьюторлық**Оқу мерзімі: 4 жыл****Қабылдау жылы: 2022**

Компонент (ЖК/ТК)	Пән коды	Пән атауы	Семестр	Кредит саны
Модуль 7. IT этика және инклюзия , 15 академиялық кредит				
КП ЖК	ARTITCR 4306	Әлеуметтік педагогика және тьюторлықтағы IT мен цифрлық ресурстар	8	4
КП ЖК	AZhKE 4307	Әлеуметтік жұмыстағы кәсіби этика	8	5
КП ЖК	IBVZhTK 4308	Инклюзивті білім беру жүйесіндегі тьютор қызметі	8	6
Модуль 8.1 Технология, риторика және психология, девиантология, 33 академиялық кредит				
БП ТК	APZHT 4220	Әлеуметтік-педагогикалық жұмыстың технологиялары	8	3
КП ТК	Dev 4309	Девиантология	8	5
КП ТК	ShOOA 4310	Шешендік өнерді оқыту әдістемесі	8	5
КП ТК	ZhP 4311	Жасерекшелік психологиясы	8	5
БП		Өндірістік педагогикалық практика	7	15
Модуль 8.2 Технологиялар, тренинг және конфликтология, 33 академиялық кредит				
БП ТК	ZhOAPZH T 4220	Жасөспірімдермен әлеуметтік- педагогикалық жұмыс технологиясы	8	3
КП ТК	ART 4309	Әлеуметтік-психологиялық тренинг (Minor)	8	5
КП ТК	TPOOKA 4310	Тұлға психологиясы және өзін-өзі кәсіби анықтау (Minor)	8	5
КП ТК	KKEI 4311	Қолданбалы конфликтология және эмоционалдық интеллект (Minor)	8	5
БП		Өндірістік педагогикалық практика	7	15

Модуль 7. IT этика және инклюзия

Дублин дискрипторлары: A) B) C) D) E)

Пәннің атауы: Әлеуметтік педагогика және тьюторлықтағы IT мен цифрлық ресурстар

Бағдарлама авторы: аға оқытушы, магистр Мейірханова А.А.

Курсты оқытудың мақсаты: Білім алушыларды қазіргі заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) әлеуметтік-педагогикалық және тьюторлық практикада тиімді қолдануға үйрету, цифрлық құралдарды пайдалану арқылы жеке білім траекториясын құруға, қолдауға және дамытуға бағытталған кәсіби құзыреттіліктерді қалыптастыру.

Пәннің қысқаша сипаттамасы: «Әлеуметтік педагогика және тьюторлықтағы IT мен цифрлық ресурстар» пәні әлеуметтік педагогика мен тьюторлықта IT және цифрлық ресурстарды пайдаланудың ерекшеліктері мен негізгі бағыттарын; ақпараттық технологиялар мен цифрлық ресурстар саласында ақпараттық технологияларды және оқытудың интеграцияланған әдістерін тиімді пайдалануын, уақытты үнемдейтін және білім алушылардың жүктемесін төмендететін ақпараттық құзыреттілікті қалыптастыруды қарастырады.

Пререквизиттері: Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, Ғылыми зерттеу неіздері, Педагогика

Постреквизиттері: Магистратура деңгейіндегі пәндер

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

A) Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдаланудың зерттеушілік дағдыларын меңгереді және ғаламтор ресурстарын, экология және өмір қауіпсіздігі саласындағы білімдері мен дағдыларын қолданады;

B) Білім алушылардың алға жылжуын тьюторлық қолдау бойынша өз іс-әрекетін талдайды, жобалайды (құрастырады), ұйымдастырады;

C) Әлеуметтік педагогика және тьюторлық қызмет саласындағы цифрлық ресурстардың теориялық негіздерін түсінеді;

D) Әлеуметтік-педагогикалық қолдау барысында қолданылатын IT технологиялардың мазмұны мен түрлерін талдайды;

E) Оқу үдерісінде және болашақ кәсіби қызметте компьютерлік техника мен қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды тиімді пайдаланады.

Дублин дискрипторлары: A) B) C) D) E)

Пәннің атауы: Әлеуметтік жұмыстағы кәсіби этика

Бағдарлама авторы: PhD, аға оқытушы Туякова У.Ж.

Курсты оқытудың мақсаты: Білім алушылардың әлеуметтік жұмыстың кәсіби-этикалық негіздері туралы ғылыми-теориялық білімдерінің жүйесін қалыптастыру, әлеуметтік педагогика және тьюторлық мамандарына тән құндылық-аксиологиялық санасы мен кәсіби этикасын дамыту.

Пәннің қысқаша сипаттамасы: Пән әлеуметтік жұмыстың кәсіби негіздері туралы ғылыми және теориялық білім жүйесін және әлеуметтік педагогтің кәсіби этикасын; әлеуметтік педагогтің кәсіби этика пәнінің ғылыми-теориялық негіздерін; Қазақстандағы және шетелдегі әлеуметтік жұмыс этикасын; әлеуметтік жұмыс мамандарының қызметі мен кәсіби моралі ретіндегі әлеуметтік жұмыстың құндылық-этикалық негіздерін; этикалық-аксиологиялық тәсілдің мәні мен қажеттілігін негіздеуді, кәсіби ғылыми және практикалық қызметті түсіну мен ұйымдастыруды; әлеуметтік педагогтың қазіргі педагогикалық маңызы мен аксиологиялық, кәсіби этикасын ашады.

Пререквизиттері: Әлеуметтік педагог қызметіндегі педагогикалық шеберлік, Әлеуметтік-педагогикалық қызметтің нормативтік-құқықтық негіздері, Әлеуметтік педагогика

Постреквизиттері: Магистратура деңгейіндегі пәндер

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

- A) Білім алушылармен жұмыс барысында невропатология, есту және сөйлеу патологиясы, психопатология бойынша білімдерін, жұмыс істеудің әдістері мен тәсілдерін қолданады;
- B) Халықтың аз қамтылған топтарына әлеуметтік көмек көрсету және әлеуметтік қорғау мақсатында ғылыми-теориялық және инновациялық жобаларды практикада қолданады;
- C) Болашақ мамандардың өмірдегі және кәсіби жағдаяттардағы адамгершілік мінез-құлқының тәжірибесін қалыптастырады;
- D) Әртүрлі кәсіби-этикалық жағдайлардағы мінез-құлық моделін теориялық тұрғыда талдай алады;
- E) Әлеуметтік топтармен, отбасы, балалармен, қарттармен жұмыс жүргізуде этикалық нормаларды сақтай отырып, кәсіби қарым-қатынас орната алады.

Дублин дискрипторлары: A) B) C) D) E)

Пәннің атауы: Инклюзивті білім беру жүйесіндегі тьютор қызметі

Бағдарлама авторы: PhD, аға оқытушы Туякова У.Ж.

Курсты оқытудың мақсаты: Білім алушыларды ЕБҚБ бейімдеудегі және оқытудағы қиындықтарды ескере отырып, оқуда, өзара іс-қимыл жасауда және басқа туындаған қиындықтарды жеңуге нақты көмек көрсетуге дайындау.

Пәннің қысқаша сипаттамасы: «Инклюзивті білім беру жүйесіндегі тьютор қызметі» пәні инклюзивті білім беру жүйесіндегі тьютордың рөлін, инклюзивті балаларды қолдаудың маңыздылығын; баланың психикалық және физикалық дамуындағы ауытқумен әдістемелік жұмысты; инклюзивті процестің негізгі қатысушылары - баланың өзі, құрдастары, педагог және баланың ата-аналары арасындағы өзара іс-әрекетті үйлестіруді; ата-аналарға инклюзивті білім беру жүйесін ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқыту және тәрбиелеу, ұйымдастыру және үйлестіру жұмыстары мәселелері бойынша теориялық білім мен практикалық дағдыларға үйретуді қарастырады.

Пререквизиттері: Әлеуметтік педагогика, Инклюзивті білім беру, Білім беру жүйесіндегі тьютор қызметі

Постреквизиттері: Магистратура деңгейіндегі пәндер

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

- A) Әлеуметтік педагогика және тьюторлық, арнайы және түзету педагогикасы салаларының әдіснамасын, ерекше білім беру және психологиялық қажеттіліктері бар балалармен жұмыс жасаудың қолданбалы дағдыларын қолданады; ғылыми зерттеу әдістерін талдайды;
- B) Халықтың аз қамтылған топтарына әлеуметтік көмек көрсету және әлеуметтік қорғау мақсатында ғылыми-теориялық және инновациялық жобаларды практикада қолданады;
- C) Инклюзивті білім беру саласындағы кәсіби құзыреттілігі артып, ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды сүйемелдейді;
- D) Инклюзивті білім беру кеңістігіндегі тьютор қызметіндегі педагогикалық тәжірибені жинақтайды және талдайды;
- E) Инклюзивті білім беру кеңістігіндегі тьютордың баланың дамуы және оның дербестігін дамыту кезеңдері бойынша жүргізілетін жұмыстар мазмұнын меңгереді.

Модуль 8.1 Технология, риторика және психология, девиантология

Дублин дискрипторлары: A) B) C) D) E)

Пәннің атауы: Әлеуметтік-педагогикалық жұмыстың технологиялары

Бағдарлама авторы: оқытушы, магистр Рән Ш.Ә.

Курсты оқытудың мақсаты: Білім алушыларға әлеуметтік-педагогикалық қызметтің мазмұны мен құрылымын таныту, түрлі әлеуметтік топтармен жұмыс жүргізуде

қолданылатын технологиялар мен әдіс-тәсілдерді меңгерту, сондай-ақ кәсіби қызметте оларды тәжірибелік тұрғыда тиімді пайдалануға дағдыландыру.

Пәннің қысқаша сипаттамасы: «Әлеуметтік-педагогикалық жұмыстың технологиялары» пәні ғылыми, әлеуметтік-педагогикалық білімді, жеке тұлғалар, отбасы, топ, балалар, жастар ұйымдары мен қоғам жүзеге асыратын әлеуметтік-педагогикалық қызмет технологияларын; технологиялық әлеуметтік медиация, әлеуметтік-педагогикалық қызметті жоспарлау және жобалау технологиясы, «технология» және «әдістеме» ұғымдары арасындағы өзара байланысты; әлеуметтік ұйымдастыру-педагогикалық жұмысты, әлеуметтік-педагогикалық қызмет және технология негіздерін қамтиды.

Пререквизиттері: Әлеуметтік педагог қызметіндегі педагогикалық шеберлік, Әлеуметтік-педагогикалық қызметтің нормативтік-құқықтық негіздері, Әлеуметтік педагогика

Постреквизиттері: Магистратура деңгейіндегі пәндер

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

A) Білім алушылармен жұмыс барысында невропатология, есту және сөйлеу патологиясы, психопатология бойынша білімдерін, жұмыс істеудің әдістері мен тәсілдерін қолданады;

B) Халықтың аз қамтылған топтарына әлеуметтік көмек көрсету және әлеуметтік қорғау мақсатында ғылыми-теориялық және инновациялық жобаларды практикада қолданады;

C) Әлеуметтік-педагогикалық тәжірибенің теориялық-қолданбалы проблемаларын ұғынады және аналитикалық баға береді;

D) Әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекеттің міндеттерін отбасы, әр түрлі жастағы балалар, тағы да басқа түрлі категориялармен жүзеге асырудың тиімді жолдарын айқындайды;

E) Білім алушы әлеуметтік-педагогикалық жағдайларды талдап, сол жағдайға сәйкес тиімді технологияны таңдай отырып, қолдау көрсету жоспарын құрастыра алады.

Дублин дескрипторлары: A) B) C) D) E)

Пәннің атауы: Девиантология

Бағдарлама авторы: аға оқытушы, магистр Мейірханова А.А.

Курсты оқытудың мақсаты: Білім алушыларға қоғамдағы девиантты (қалыптан ауытқыған) мінез-құлық түрлерін, себеп-салдарын, әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктерін, алдын алу және түзету жолдарын ғылыми негізде түсіндіру, сондай-ақ девиантты тұлғалармен жұмыс жүргізуге арналған кәсіби құзыреттіліктерді қалыптастыру.

Пәннің қысқаша сипаттамасы: «Девиантология» пәні тұлғаның мінез-құлқындағы ауытқу проблемасының қазіргі жағдайы туралы ғылыми негізделген, тұтас идеяларды; кәмелетке толмағандардың мінез-құлық психологиясының сипатын, девиантты мінез-құлық түрлерін, жас және жеке ерекшеліктерін, девиантты мінез-құлықты қалыптастыруға БАҚ-тың әсерін; жеке тұлғаның девиантты мінез-құлық проблемасына ғылыми көзқарастарды; жеке тұлғаның девиантты мінез-құлқын психологиялық түзету әдістерін қамтиды.

Пререквизиттері: Әлеуметтік педагогика, Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі, Отбасымен әлеуметтік-педагогикалық жұмыс

Постреквизиттері: Магистратура деңгейіндегі пәндер

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

A) Білім алушылармен жұмыс барысында невропатология, есту және сөйлеу патологиясы, психопатология бойынша білімдерін, жұмыс істеудің әдістері мен тәсілдерін қолданады;

B) Халықтың аз қамтылған топтарына әлеуметтік көмек көрсету және әлеуметтік қорғау мақсатында ғылыми-теориялық және инновациялық жобаларды практикада қолданады;

C) Ауытқушылық тәртіптің қалыптасуының психологиялық механизмдерін және детерминантын, оның негізгі түрлерін, диагностика әдістерін және қалпына келтіру және алдын алу бағыттарын меңгереді.

- D) Қоғамдық құрылым мен әлеуметтік өзгерістердің девиацияға әсерін талдайды;
E) Девиацияға қатысты нақты әлеуметтік жағдайларға талдау жасап, шешім ұсына алады.

Дублин дескрипторлары: A) B) C) D) E)

Пәннің атауы: Шешендік өнерді оқыту әдістемесі.

Бағдарлама авторы: аға оқытушы, магистр Мухамеджанова Б.Б.

Курсты оқытудың мақсаты: Білім алушыларға халық даналығының, шешендік өнердің көркем үлгісін танытып, көркем-әдеби тілді білім беру мен тәрбиелеу процесінде қолдануға дағдыландыру.

Пәннің қысқаша сипаттамасы: Пән блоктар бойынша шешендік өнердің негіздерінің іргелі теориялық ережелерін: сөзбен әсер ету құралдарын таңдаумен байланысты лингвомәдениеттану; фонетикалық-орфоэпиялық сипатқа негізделген техникалық; шешендіктің прагматикалық және әдістемелік жақтарын жүзеге асыруға арналған психологиялық-педагогикалық; қазіргі риторика техникасының негіздерін, принциптерін; сөйлеу тәсілдері мен әдістерін, білім алушылардың коммуникативтік дағдыларын дамытуын зерделейді.

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

A) Тарих, тіл, әдет-ғұрып, ұлттық бірегейлік сияқты қазақ халқының ұлттық руханиятының құндылықтары жүйесін және әлеуметтік-педагогикалық білім берудегі теориялық және практикалық білімді интеграциялау дағдыларын, қазақ жазуының ерекшеліктерін меңгереді.

B) Білім алушылармен жұмыс барысында невропатология, есту және сөйлеу патологиясы, психопатология бойынша білімдерін, жұмыс істеудің әдістері мен тәсілдерін қолданады.

C) Ғылыми-кәсіби пікірталастарға түсу дағдыларын игеріп, кәсіби бағдарланған жобаларды, баяндамаларды таныстыра алады;

D) Оқу-тәрбие процесінде туындаған өзекті мәселелерді, қиыншылықтарды дау-жанжалсыз шешуде сөйлеу мәдениетін таныта алады;

E) Білім алушылармен жұмыс жасау барысында ойды немесе теорияны түсіндіре алудың да өзіндік ерекшеліктерін айқындайды.

Дублин дескрипторлары: A) B) C) D) E)

Пәннің атауы: Жасерекшелік психологиясы

Бағдарлама авторы: п.ғ.к., қауымдастырылған профессор Есенғұлова М.Н.

Курсты оқытудың мақсаты: Адам психикасының әр жас кезеңіндегі даму ерекшеліктерін, заңдылықтарын, өзгерістерін ғылыми негізде зерттеу арқылы болашақ мамандарға жас кезеңдеріне сай психологиялық қолдау көрсету дағдыларын қалыптастыру.

Пәннің қысқаша сипаттамасы: Пән жасерекшелік психологиясының негізгі теориялық тұжырымдамаларын ұсыну жүйесін; адамның психикалық даму заңдылықтары туралы қазіргі психофизиологиялық ғылыми білімді, жалпы білім беру проблемалары контекстінде оқыту мен тәрбиелеу процесінде оның мүмкіндіктерін; онтогенездегі даму психологиясының ерекшеліктерін; нәресте кезіндегі, ерте және мектепке дейінгі балалық шақтағы психикалық дамудың негізгі сипаттамаларын, оқушы тұлғасының психикалық дамуын, жасөспірім кезіндегі тұлғаның қалыптасуының психологиялық ерекшеліктерін; балалар мен ересектердің психикалық қасиеттерін, процестері мен жағдайларын диагностикалаудың психологиялық әдістері мен әдістемелерін қамтиды.

Пререквизиттері: Жас ерекшелік физиологиясы және мектеп гигиенасы, Психоконсультация және психокоррекция негіздері, Психологиялық-педагогикалық практикум және диагностика

Постреквизиттері: Магистратура деңгейіндегі пәндер

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

- А) Жеке тұлғаның әлеуметтік-психологиялық және әлеуметтік-педагогикалық жағдайларын, қажеттіліктері мен жетістіктерін диагностикалайды; құқық, менеджмент және бизнес саласындағы жаңа білім мен біліктілікті өз бетінше меңгеру және кәсіби құндылықтарды бағдарлау дағдылары бар;
- В) Әлеуметтік педагогика және тьюторлық, арнайы және түзету педагогикасы салаларының әдіснамасын, ерекше білім беру және психологиялық қажеттіліктері бар балалармен жұмыс жасаудың қолданбалы дағдыларын қолданады; ғылыми зерттеу әдістерін талдайды;
- С) Халықтың аз қамтылған топтарына әлеуметтік көмек көрсету және әлеуметтік қорғау мақсатында ғылыми-теориялық және инновациялық жобаларды практикада қолданады;
- Д) Әр жас кезеңіндегі (нәрестелік, мектепке дейінгі, бастауыш, жасөспірімдік, ересектік, қарттық) психологиялық ерекшеліктерді ажырата алады;
- Е) Әр жас кезеңіне сай психологиялық диагностика әдістерін таңдап, психологиялық-педагогикалық қолдау көрсете алады.

Модуль 8.2 Технологиялар, тренинг және конфликтология

Дублин дискрипторлары: А) В) С) D) E)

Пәннің атауы: Жасөспірімдермен әлеуметтік-педагогикалық жұмыс технологиясы

Бағдарлама авторы: PhD, аға оқытушы Туякова У.Ж.

Курсты оқытудың мақсаты: Жасөспірімдердің әлеуметтік-психологиялық және жеке даму ерекшеліктерін ескере отырып, олармен кәсіби педагогикалық және әлеуметтік жұмыс жүргізудің теориялық негіздері мен практикалық технологияларын меңгерту.

Пәннің қысқаша сипаттамасы: «Жасөспірімдермен әлеуметтік-педагогикалық жұмыс технологиясы» пәні ғылыми, әлеуметтік-педагогикалық білімді, жеке тұлғалар, отбасылар, топтар, балалар, жастар ұйымдары мен қоғам жүзеге асыратын әлеуметтік-педагогикалық қызмет технологияларын; әлеуметтік медиация технологиясы, әлеуметтік-педагогикалық қызметті жоспарлау және жобалау технологиясы, «технология» және «әдіснама» ұғымдары арасындағы өзара байланысты; жастармен әлеуметтік-педагогикалық жұмысты, әлеуметтік-педагогикалық қызметті және технологияны ұйымдастыру негіздерін қамтиды.

Пререквизиттері: Әлеуметтік педагогика, Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі, Отбасымен әлеуметтік-педагогикалық жұмыс

Постреквизиттері: Магистратура деңгейіндегі пәндер

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

- А) Білім алушылармен жұмыс барысында невропатология, есту және сөйлеу патологиясы, психопатология бойынша білімдерін, жұмыс істеудің әдістері мен тәсілдерін қолданады.
- В) Халықтың аз қамтылған топтарына әлеуметтік көмек көрсету және әлеуметтік қорғау мақсатында ғылыми-теориялық және инновациялық жобаларды практикада қолданады.
- С) Жасөспірімдермен әлеуметтік-педагогикалық жұмыс жүргізудің теориялық негіздерін меңгереді;
- Д) Қиын өмірлік жағдайға түскен жасөспірімдерге психологиялық-педагогикалық қолдау көрсете алады;
- Е) Жасөспірімдердің әлеуметтік мәселелерін анықтап, олармен жұмыс жоспарын құрастыра алады.

Дублин дискрипторлары: А) В) С) D) E)

Пәннің атауы: Әлеуметтік-психологиялық тренинг (Minor)

Бағдарлама авторы: аға оқытушы, магистр Сағадатов Р.Т.

Курсты оқытудың мақсаты: Білім алушылардың тұлғалық, коммуникативтік және кәсіби құзыреттіліктерін дамыту мақсатында әлеуметтік-психологиялық тренингтерді ұйымдастыру мен жүргізудің теориялық негіздері мен практикалық әдістерін меңгерту.

Пәннің қысқаша сипаттамасы: «Әлеуметтік-психологиялық тренинг» пәні топта тиімді қарым-қатынас туралы білімді қалыптастыру, тренингтік жұмыстың топтық формаларында білімді, іскерлікті, дағдыларды іс жүзінде қолдану; коммуникативтік нұсқаулар; түрлі психологиялық-педагогикалық жағдайларда конструктивті өзара әрекеттесуді ұйымдастыру және құру; тренингтік жұмыс техникасы, тренингтердің түрлері, денеге бағытталған терапия техникасы туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады.

Пререквизиттері: Психоконсультация және психокоррекция негіздері, Әлеуметтік педагогика, Әлеуметтік-педагогикалық тренингтер әдістемесі

Постреквизиттері: Магистратура деңгейіндегі пәндер.

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

А) Жеке тұлғаның әлеуметтік-психологиялық және әлеуметтік-педагогикалық жағдайларын, қажеттіліктері мен жетістіктерін диагностикалаиды; құқық, менеджмент және бизнес саласындағы жаңа білім мен біліктілікті өз бетінше меңгеру және кәсіби құндылықтарды бағдарлау дағдылары бар;

В) Білім алушылармен жұмыс барысында невропатология, есту және сөйлеу патологиясы, психопатология бойынша білімдерін, жұмыс істеудің әдістері мен тәсілдерін қолданады;

С) Тренингтік жұмыс түрлерінің (топтық, жеке, мотивациялық, коммуникативтік және т.б.) теориялық негіздерін түсінеді;

Д) Тренинг жүргізудің психологиялық қағидаларын, этикалық ережелерін меңгереді;

Е) Әлеуметтік-психологиялық тренинг бағдарламасын құрастыра алады.

Дублин дискрипторлары: А) В) С) Д) Е)

Пәннің атауы: Тұлға психологиясы және өзін-өзі кәсіби анықтау (Minor)

Бағдарлама авторы: оқытушы, магистр Сағиева А.А.

Курсты оқытудың мақсаты: Білім алушылардың тұлға психологиясы туралы теориялық білімдерін қалыптастыру және кәсіби өзін-өзі анықтау үдерісінің психологиялық негіздерін меңгерту арқылы олардың кәсіби даму жолын саналы түрде таңдауға көмектесу.

Пәннің қысқаша сипаттамасы: Пән психологиядағы «индивид», «тұлға», «даралық» қазіргі заманғы теориялар мен ұғымдар саласындағы білімді; психикалық процестер мен жеке қасиеттердің ерекшеліктерін; жеке тұлғаның ең танымал теориялары тұрғысынан жеке тұлғаны қарастыру мен талдаудың ерекшелігін, өмір жолында жеке даму заңдылықтарын; кәсіби өзін-өзі анықтаудың негіздері мен мәнін; мамандық таңдаудың негізгі принциптері мен технологияларын ашады.

Пререквизиттері: Педагогика, Психоконсультация және психокоррекция негіздері, Білім алушылардың өз бетімен жұмысын басқарудағы тьютор

Постреквизиттері: Магистратура деңгейіндегі пәндер

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

А) Жеке тұлғаның әлеуметтік-психологиялық және әлеуметтік-педагогикалық жағдайларын, қажеттіліктері мен жетістіктерін диагностикалаиды; құқық, менеджмент және бизнес саласындағы жаңа білім мен біліктілікті өз бетінше меңгеру және кәсіби құндылықтарды бағдарлау дағдылары бар;

В) Өзін-өзі дамыту және мансаптық өсу үшін, толыққанды әлеуметтік және кәсіби қызметті қамтамасыз ету үшін дене шынықтырудың әдістері мен құралдары арқылы өмір бойы өзінің жеке білім беру траекториясын құрады;

С) Тұлғаның жас ерекшеліктері мен әлеуметтік тәжірибесін ескеріп, мамандық пен кәсіпті таңдау үдерісін модельдейді;

Д) Тұлға дамуының негізгі теориялары мен іс-әрекет және қарым-қатынас дамуының ерекшеліктерін диагностикалаиды;

Е) Кәсіби бағдар беру мен өзін-өзі кәсіби анықтау бойынша психологиялық әдістерді (тест, сауалнама, тренинг) қолдана алады.

Дублин дискрипторлары: A) B) C) D) E)

Пәннің атауы: Қолданбалы конфликтология және эмоционалдық интеллект (Minor)

Бағдарлама авторы: PhD, аға оқытушы Туякова У.Ж.

Курсты оқытудың мақсаты: Білім алушыларға тұлғаралық және әлеуметтік қақтығыстардың мәнін, себептерін, даму кезеңдерін, шешу жолдарын түсіндіру, сондай-ақ эмоционалдық интеллектіні дамыту арқылы конфликтілерді тиімді басқару қабілетін қалыптастыру.

Пәннің қысқаша сипаттамасы: «Қолданбалы конфликтология және эмоционалды интеллект» пәні қақтығыстарды, олардың пайда болу себептерін, жанжалды жағдайлардың даму механизмдері мен заңдылықтарын, жанжалдардың субъектілерін (тараптарын), олардың теріс және оң салдарларын, әлеуметтік функцияларын, олардың алдын алу, оқшаулау, азайту және шешу мүмкіндіктері мен тәсілдерін, адамның эмоцияларды тану, қабілетін зерттейтін ғылымды, басқа адамдардың және өздерінің мотивациясы мен тілектерін, ниеттерін түсіну, сонымен қатар практикалық міндеттерді шешу мақсатында өз эмоцияларын және басқа адамдардың эмоцияларын басқару қабілетін қарастырады.

Пререквизиттері: Психоконсультация және психокоррекция негіздері, Әлеуметтік педагогика, Конфликтология

Постреквизиттері: Магистратура деңгейіндегі пәндер

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

A) Жеке тұлғаның әлеуметтік-психологиялық және әлеуметтік-педагогикалық жағдайларын, қажеттіліктері мен жетістіктерін диагностикалайды; құқық, менеджмент және бизнес саласындағы жаңа білім мен біліктілікті өз бетінше меңгеру және кәсіби құндылықтарды бағдарлау дағдылары бар;

B) Білім алушылармен жұмыс барысында невропатология, есту және сөйлеу патологиясы, психопатология бойынша білімдерін, жұмыс істеудің әдістері мен тәсілдерін қолданады;

C) Тұлғаның жас ерекшеліктері мен әлеуметтік тәжірибесін ескеріп, мамандық пен кәсіпті таңдау үдерісін модельдейді;

D) Қақтығыстың (конфликттің) табиғатын, түрлерін, құрылымын және даму кезеңдерін, эмоционалдық интеллект ұғымын, оның компоненттерін (эмоцияны тану, басқару, мотивация, эмпатия, әлеуметтік дағдылар) меңгереді;

E) Күнделікті өмір мен кәсіби ортадағы конфликт жағдайларын тиімді шешуге қабілетті болып, эмоцияны басқару және басқа адамдармен тиімді қарым-қатынас жасау стратегияларын қолдана алады.